

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 " Қазақстан Республикасында нотариалдық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы Нұсқаулығын бекіту туралы", N 564 тіркелген, бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 14 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2949. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 31 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Нотариалдық іс-әрекеттерді жасау тәртібін жетілдіру және қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, Бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 "Қазақстан Республикасында нотариалдық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы Нұсқаулығын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 564 болып тіркелген, Қазақстан республикасы орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 1998 жылдың 30 қарашада N 8 жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2000 жылғы 20 қарашада N 527-К "Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 175 "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 "Қазақстан Республикасында нотариалдық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы Нұсқаулығын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығымен) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы нотариалдық іс-әрекеттерді жақсарту тәртібі туралы Нұсқаулықта көрсетілген бұйрықпен бекітілген:

1) 2 бөлімнің 3) бөлімшесі келесі редакцияда көрсетілсін:
"3) сенімгерлік басқарушыға мұрагерлікті тағайындайды";

2) 8 бөлімдегі 1) бөлімше келесі редакцияда көрсетілсін:
"мұрамен сенімгерлік басқарушыны тағайындау;" ;
5 бөлім алынып тасталсын ;

3) 3 5 б ө л і м д е :
"нотариустың"сөзінен кейін "жеке" сөзімен толықтырылсын;
келесі мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
"бұл ретте нотариуспен қойылған қолдың көшірмесін қолдануға жол
б е р і л м е й д і " ;

4) 46 бөлімде "олар мұраны иеленеді" сөздерінен кейін "сондай-ақ мұрагерлікті қабылдау үшін негіз болып табылатын туыстық және басқа-да қарым-қатынасты дәлелдейтін құжаттар";

5) 49 бөлім келесі редакцияда көрсетілсін:
"49. Мемлекеттік нотариалдық кеңседе қызмет жасайтын нотариус, және жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғасы нотариалдық іс-әрекетті жасағаны үшін мемлекеттік бажды, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көрсетілген ставкамен алады.

Жекеше нотариустардың нотариалдық іс-әрекеттерді жасау төлемі Қазақстан Республикасы салық заңнамасында көрсетілген мемлекеттік баждардың өлшеміне сәйкес ставка бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінің лауазымды тұлғасы нотариалдық іс-әрекеттерді жасағаны үшін алымды консулдық тарифпен айқындалған алымға сәйкес алады." ;

6) 52, 54 бөлімдер алынып тасталсын.

7) 69 бөлімде "сондай-ақ төленген тариф (жекеше нотариустың қосымша қызметтері)" сөзі алынып тасталсын;

8) 78 бөлімнің екінші және үшінші жаңа жолдары алынып тасталсын;

9) 80 бөлім келесі редакцияда көрсетілсін:
"80. Жер заңнамасына сәйкес нотариус иеліктен айыруды куәландыруға
қ ұ қ ы ғ ы ж о қ :

1) шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың тауарлы ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жер учаскелерді (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 23 бабы);

2) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысына арналған жер учаскелерді (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 23 бабы);

3) шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға, ауылшаруашылығы мақсатында шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 24 бабы);

4) шетелдік жер пайдаланушыларға тұрақты жер пайдалану құқығы (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 34 бабы);

5) мемлекеттік жер пайдаланушының өзіне тиесілі жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруға, жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті не оның кепілін белгіленген тәртіппен иеліктен шығаруға болмайды (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 39 бабы).;

10) 97 бөлімде "жылжымайтын мүлік орталығы" сөзін "уәкілетті тіркеу органдары" сөзімен ауыстырылсын;

11) 152 бөлімнің төртінші жаңа жолында "негізгі сенімхат" сөздері "негізгі сенімхатты куәландырған нотариустың аты-жөні, тегі, тізілімдік нөмірі" сөздерімен ауыстырылсын;

12) 5 тараудың аты келесі редакцияда көрсетілсін:
"5. Мұрамен сенімгерлік басқарушыны тағайындау"

13) 157, 160-163, 169-178, 183 бөлімдері алынып тасталсын;

14) 164 бөлімнің бірінші жаңа жолы алынып тасталсын;

15) 179 бөлімде "(Қазақстан Республикасы "Нотариат туралы" Заңының 66 бабы)" сөзі алынып тасталсын;

16) 187 бөлімі келесі мағынада екінші жаңа жолмен толықтырылсын:
"мұрадан бас тарту өтінішіндегі қолдың түпнұсқалығын куәландырған нотариус, мұраны жерінде ашқан нотариусқа бұл факті туралы хабарлайды";

17) 246 бөлімі келесі мағынада екінші жаңа жолмен толықтырылсын:

"Нотариус заңды мағынасы жоқ жеке хаттарды, монографияларды, мақалаларды, кітаптарды, газеттік шығарылымдарды және де нормативтік құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың көшірмесінің дұрыстығын к у ә л а н д ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ " ;

18) 260 бөлімде "ата-аналарын (асырап алушыларды, қамқоршыларын)" сөздерін "ата-аналарының біреуін (асырап алушыны, қамқоршыны)" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

19) 296 бөлімнің екінші жаңа жолында "заңды тұлға" сөзінен кейін " нотариустың депозитіне ақша салған" сөздерімен толықтырылсын;

20) 360 бөлімнің екінші, үшінші және төртінші жаңа жолдары алынып т а с т а л с ы н .

2. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден кейін қолданысқа енеді және жариялануға жатады.

Әділет министрі